

**«8D02305-Шетел филологиясы (тыңғыс тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Кожабекова Раушан
Санатқызының «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық
парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ІШКІРІ

p/n №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстапымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Кожабекова Раушан Санатқызының «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда: «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысының) «Ғылым» жөніндегі 3 тарауының мақсаттарына сәйкес келеді.
		1)диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы;
		2)диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	2) Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша Жоғары ғылыми
		3)диссертация Қазақстан Республикасының үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	техникалық комиссияның (ЖІТК) 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының бірі, Өлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы

			Үкімсігінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы анықталған/ анықталмаған	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, себебі ол қазақ ақыны Абай және араб ақыны Наукидің поэзиясындағы адам бейнесін алғаш рет салыстырмалы-салғастырмалы түрде кешенді талдауға арналған. Зерттеу нәтижесінде Абай және Науки шығармаларындағы адам бейнесіне қатысты философиялық, этикалық және эстетикалық идеялар зерделеніп, қазақ және араб әдебиеттерінің мәдени-көркемдік ерекшеліктері салыстырылады. Зерттеудің нәтижелері салыстырмалы әдебиеттану, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы бойынша зерттеулерді толықтыра отырып, өзекті әрі практикалық маңызы бар жаңалық болып табылады. Жұмыстың маңыздылығы айқын анықталған және болашақ зерттеулерге негізі бола алады. Диссертация қазақ және араб поэзиясындағы адам бейнесін өзара салғастыра отырып герменевтикалық талдаулар жасай отырып, қазақ және араб халқының ұлттық табымы-түсінігіндегі құндылықтар жүйесіне тәп ерекшеліктерді зерттеуге арналған.
3.	Озі жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертант академиялық ғылыми жұмыстарға қойылатын басты талап – өзі жазу деңгейінің жоғарылығымен табылады. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына, зерттеу логикасына және дереккөздерді игеруіне сүйене отырып, жұмыстың өзі жазу деңгейі – жоғары деп бағаланады. Автор зерттеу мәселесін дербес игеріп, ғылыми тұжырымдар мен пайымдауларды өз стилінде жүйелі түрде баяндаған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары –

			зертделген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Бұл ғылыми ізденістің авторлық сипатта жүргізілгенін көрсетеді.
	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы заманауи ғылымдағы салыстырмалы әдебиеттану және герменевтикалық мәселелермен тығыз байланысты. Шығыс диалогын зерттеу қажеттілігі екі ұлттың – қазақ және араб әдебиеттерінің ірі өкілдері Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесіне қатысты ойларға герменевтикалық парадигмасына талдау жасау арқылы шешімін тапқан деп айтуға болады. Автор қазіргі ғылыми трендтерге, теориялық негіздер мен практикалық сұранысқа сүйеніп отырып, зерттеу өзектілігін нақты әрі жүйелі түрде дәлелдей алған.
		1) негізделген;	
		2) ішкіара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұндық бөлімдері мен талданған материалдары диссертация тақырыбына толықтай сай келеді. Қожабекова Раушан Сапатқызы қазақ ақыны Абай және араб ақыны Шауқи поэзиясындағы адам тақырыбын жан-жақты саралап, тақырып аясындағы негізгі ғылыми мәселелерді қамтыған. Зерттеу міндеттері мен қорытындылар өзара үндесіп, тақырыптың мәнін ашуға қызмет етеді. Осы себепті, диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды деп тұжырымдауға болады. Тақырыпты ашуға қажет ішкі бөлімдер және ондағы қамтылған мазмұн өзара логикалық сабақтастыққа құрылған.
		1) айқындайды;	
		2) ішкіара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	Зерттеу жұмысының мақсаты нақты қойылып,

		тақырыбына сәйкес келеді:	тақырып аясындағы өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған. Мақсат – Абай Құнанбайұлы және мысыр неоклассигі Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмаларын анықтау. Міндеттері осы мақсатқа қол жеткізу жолдарын кезек-кезеңімен нақтылайды және олар диссертацияның жалпы құрылымымен логикалық бірлік құрайды. Мақсат пен міндеттердің дұрыс қойылуы арқылы салыстырмалы-салғастырмалы зерттеудің нәтижелерін рухани құндылықтарын, танымдық ерекшеліктерін танытуға бағытталған жүйесі көрінеді.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қосымшада мәтіндік үлгілер аудармасымен ұсынылған. Диссертациялық жұмыстың кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдері өзара мазмұндық және логикалық сабақтастықта құрылған. Зерттеу мақсаты мен міндеттерінен бастап, теориялық негіздеме, деректерді талдау және алынған нәтижелер арасында жүйелі байланыс сақталған. Әрбір бөлім алдыңғы бөліммен қисынды түрде жалғасып, ғылыми аргументация мен тұжырымдар бірізділікпен баяндалған. Сондықтан диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық логикалық байланысқан деп сенімді түрде айтуға болады.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен	Диссертациялық жұмыста Кожабекова Раушан Сапатқызы Абай және Шауқи поэзиясындағы адам тақырыбын герменевтикалық тұрғыдан

		салыстырылып бағаланған:	талдауда жаңа қозғарастар мен ғылыми қағидаттарды ұсына отырып, оларды нақты деректермен негіздей алған. Автордың ұсынған шешімдері мен тұжырымдары бұрынғы зерттеулермен салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілген. Бұған қоса, ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, өзіндік пайымдаулар мен сыни тұрғыдағы талдау жүргізілген. Диссертанттың мәселеге қатысты өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Автор зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында қазақ және араб ақындарының шығармаларына тән ортақ ерекшеліктер, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқып көрсетеді. Қазақ ақыны Абай және араб ақыны Шауқи поэзиясындағы адам бейнесі ролінің айқындалуы зерттеу жұмысының барышына жаңа сәтін, зерттеу барысында алынған нәтижелердің толығымен жаңа сәтін таптырады. Диссертациялық зерттеудегі тараулардың жинақталып берілген қорытындылары да жаңа. Аталған қос ақынның поэзиясының ұқсастықтары мен айырмашылықтары, адам тақырыбының қолданылу өзектілігін айқындауы диссертациялық жұмыс қорытындысының өзіндік жаңашылығы деуге болады. Алғаш рет белгілі қазақ және араб ақындары Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасын салыстырмалы-салғастырмалы

		талдаулар жүргізу арқылы анықтауы жұмыстың ғылыми қорытындысының жаңалығы деп айтуға болады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа. - Көркем мәтіннің мағынасын түсінуде автордың жеке тілдік тәжірибесінің тілдік жүйеге қатысы да маңызға ие. Әдебиеттің белгілі бір даму дәуірінде жеке автор шығармаларының рухы арқылы тіл өзінің жаңа бір кезеңіне қол жеткізіп, жеке бейнесін анықтайды. Қазақ әдебиетінде оған Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы нақты дәлел. Оз кезегінде Ахмед Шауқидің шығармалары да жаңа заманғы араб әдебиетінің даму бағытын анықтаған басты туындылар саналады. (39 бб.). - Ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, қазақ және араб әдебиеттері отансүйгіштік, дәстүрге адалдық, оқу-білімге құштарлық, рухани даму сияқты жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды жоғары бағалайды. Әр халықтың әдебиеті ұлттық бірегейлікке ие бола тұра өзіндік сипаты және көркемдігімен бүкіләлемдік мәдениетті байытуға өз үлесін қосады. (85-86 бб.). - Абай мен Шауқидің поэзиясы «адам» концептіне қатысты алғанда көп жағдайда үндестік табады, жоғарыда аталғандай, ақындар поэзиясындағы адамгершілік, рухани даму, білім алу, адамның табиғатпен байланысы, отансүйгіштік, әйел

			тақырыбы, ұлтқа, елге деген сүйіспеншілік сияқты тақырыптардың ортақтығы олардың азаматтық тұлғасы мен ақылдық миссиясын анықтайды. (132 бб.).
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Зерттеудің жаңалығы екі ұлт әлебиеті мен руханиятындағы адам бейнесін кешенді түрде қарастырумен қатар, олардың компаративистік тұрғыдан зерттелуінде жатыр.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеуде қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Абай мен Ахмед Шауки поэзиясындағы «адам» концептісінің көркем интерпретациясы нақты деректерге, әдеби мәтіндерге, салыстырмалы талдау әдістеріне сүйене отырып зерттелген. Зерттеу барысында диссертант Абай мен Ахмед Шауки шығармаларын жүйелі түрде талдап, «адам» концептісінің екі елдің ұлттық дүниетанымдағы көріністерін ғылыми негізде дәйектеген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Ғылыми қағидағар дәлелді 7.2 Ғылыми зерттеудегі қағидағар тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Дәлелденген. 7.3 Ғылыми зерттеудегі қағидағар жаңа 7.4 Ғылыми зерттеудегі қағидағардың қолдану деңгейі ауқымды 7.5 Диссертация тақырыбы бойынша жазылған 9 мақалада қағидағар дәлелденген. Соның ішінде 2 мақала Scopus ғылыми дерекқоры
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ;	

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	базасына кіретін басылымда, 5 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сананы қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 2 мақала халықаралық конференциялардың материалдарында жарияланған.
		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең ; 4) бұл тұжырымда ереженің қолданудеңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия ; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған. Жұмыстың әдістемесін таңдау принциптері зерттеу талаптарына сай. Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті әрі дұрыс таңдалған. Негізгі зерттеу әдістері ретінде жалпы және жеке теориялық әдістер, жинақтау, жүйелеу, классификациялау әдістерімен бірге, зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндетіне сай герменевтикалық талдау, интерпретациялау, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері қолданылады. Аталған әдістерден диссертанттың теориялық және әдістемелік дайындығы жоғары екені байқалады.

	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелеріне компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді пайдалану, сұрыптау, оңдеу, интерпретациялау арқылы қол жеткізілген. Ұсынылған әдіснамалық жүйенің ұтымдылығын түсінудің оқу, аудару жұмыстарында, деректерді жүйелеу, мәтіндік талдау, салыстырмалы зерттеу әдістерін автоматтандыруда пайдаланылған. Бұл тәсілдер түсінудің мәтінмен жұмыс және аудару барысында тілдік және мәдени бірліктерді дәл және жан-жақты талдауға мүмкіндік беріп, зерттеудің тқұндылығын арттырып тұр.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, зерттеудің ғылыми әдіснамалық тұғырлары талдау мен саралау барысында Толық дәлелденген және расталған. Диссертант теориялық қорытындыларын зерттеу нысанына сәйкес екі ақынның шығармаларын салыстыра-салпастыра талдау арқылы айқындаған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде сүйенген еңбектерде олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған. Зерттеу барысында көрсетілген маңызды мәліметтер сенімді және нақтылы. Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары, мақалалары, зерттеу жұмысына тікелей қатысты. Атап айтқанда, зерттеу


			жұмысына тікелей қатысты теориялық еңбектер: Абайтануға қатысты (Байтұрсынұлы А., Оуезов М.О., Мырзахметұлы М., Бекбосынов М., Пұрғалиев Р., Есім Г. және ғылыми-зерттеу орталықтарының Абай туралы еңбектері), салыстырмалы әдебиеттану және шығыстануға қатысты (Мәсімханұлы Д., Бакиханова Н.Т. Весселовский А.П., Конрад Н.И., Жирмунский В.М., Мортада Г.және т.б.), герменевтика парадигмасына қатысты (Абрамов С.Р., Абрамов С.Р., Рязанов И.В.) және аталған мәселелерге қатысты шетелдік ғалымдар Мұхаммед Мапдур, Махмуд Хамид Шаукат, Ханша әл-Фахури, Илья Хауи, Омар әл-Фахури, Мухсин Итмин, Камал Мұхаммед Исмаил, Адуар Ханин, Мұхаммед Гунайми Хилаи зерттеулері.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 159 әдебиет көзі қолданылған және диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері салыстырмалы әдебиеттану, шетел филологиясы салаларындағы зерттеулерге де өзіндік үлес қосады. Қазақ және араб поэзиясының этномәдени мазмұнын тереңірек тануға сенгіш тигізеді.
	Практикалық құндылық қағидаты	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;	Зерттеу барысында алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеуде талданған материалдардың салыстырмалы әдебиеттану, шетел филологиясы бойынша оқу құралдары мен оқу-

		2) жоқ.	әдістемелік кешендерді толықтыруда, нұсқаулықтар даярлауда практикалық маңызы зор.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеудегі практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып саналады. Жұмыста қазақ және араб әдебиеттерінің мәдени-көркемдік ерекшеліктерін жап-жақты зерттеу арқылы әдебиеттану, салыстырмалы әдебиеттану, шығыстану бағыттарына үлес қосатын жаңа пайымдар ұсынылған. Диссертанттың зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін толық аяқталған ғылыми жұмыс.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Диссертациялық жұмыстағы нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты.
11.	Диссертацияға ескертулер	Зерттеудің өзектілігіне, құндылығына нұқсан келтірмейтін, дегенмен диссертанттың болашақтағы ізденістері үшін қажет деген ескертулерді атап өтеміз: 1) Ізденуші диссертацияны жазу барысында екі әдебиет нұсқаларына жасалған талдау нәтижелерін салыстырмалы кесте түрінде бергені жөн болар еді. 2) Диссертацияда өз сипектеріне сілтеме жасалса, бұл ғылыми жұмысқа деген жеке үлесіңізді көрсетуге және зерттеу барысында қолданылған дереккөздердің тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді еді. 3) Зерттеуде техникалық тұрғыдан емелілік мен әріптiк қателер кездеседі.	

		Алайда, бұл көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың ғылымилығына және жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жариялаған әрбір ғылыми мақалалары: - зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары бойынша 2 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 5 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 2 мақала халықаралық конференциялардың материалдарында жарияланған. - жарияланған мақалалар диссертацияның әр тарауында жазылған қамтылатын мәселелердің мазмұнын толық қамтиды. - мақалалардың ғылыми деңгейі жарияланған ғылыми басылымдардың талап-шарттарына толығымен жауап береді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D02305-Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындаған Кожабескова Раушан Сапатқызының «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» атты диссертациясы талапқа сай орындалған жұмыс. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Кожабескова Раушан Сапатқызына «8D02305-Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін беруге болады деп санаймыз.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
филология факультеті
Академик С.Қирабасов атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты



11 желтоқсан 2025